



1999 жылға арналған мемлекеттік бюджетті әзірлеу үшін Қазақстан Республикасы Бас Прокуратурасының бағдарламалары мен кіші бағдарламаларының тізбесін бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің ҚАУЛЫСЫ 1998 жылғы 16 қыркүйек N 896

"1999 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасын әзірлеудің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 25 шілдедегі N 703 P980703_ қаулысының 2-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Республикалық бюджеттен қаржыландырылатын Қазақстан Республикасы Бас Прокуратурасының бағдарламалары мен кіші бағдарламаларының тізбесі бекітілсін (қ о с а б е р і л і п о т ы р) .

2. Қазақстан Республикасының Бас Прокуратурасына:

1998 жылдың 21 қыркүйегіне дейін мерзімде Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігімен және Қаржы министрлігімен келісім бойынша жоғарыда аталған тізбеге сәйкес Бас Прокуратураның мемлекеттік тапсырыстарын қалыптастыру жөніндегі әдістемелік құжаттарды бекіту;

бір айлық мерзім ішінде қолданылып жүрген нормативтік құқықтық актілерді осы қаулыға сәйкес келтіру туралы Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныс әзірлеу ж ә н е е н г і з у ұ с ы н ы л с ы н .

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің 1998 жылғы
16 қыркүйектегі
N 896 қаулысымен
бекітілген

Республикалық бюджеттен қаржыландырылатын Қазақстан Республикасы Бас

Прокуратурасының бағдарламалары мен кіші бағдарламаларының
тізбесі

N	Атауы	1998 жылғы	1999 жылға
		қаржыландыру	арналған
		нысаны	қаржыландыру
		нысаны	
3	Қоғамдық тәртіп және қауіпсіздік		
	Республикалық деңгейдегі әкімшілік		
	шығыстар	Ұстауға	Ұстауға
	Орталық органның аппараты		
	Аумақтық органдардың аппараты		
	Қылмыстық және жедел есептерді	Бұл да	Бұл да
	жүргізу		
	Мемлекеттік мекемелер		
	Құқықтық статистика және ақпарат		
	орталығы		